



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛАРЫ:
ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ЖОО-ҒА
ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН
АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Республикалық ғылыми-теориялық
конференция материалдары

Алматы 2010

М.Б.Әмірханов
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАЙЫНДЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің 20 жылдан асқан тарихы бар. Біз мақтан тұтатын университетіміздің тарихының бір бөлігі деп айтуға болады. Факультет өзінің қалыптасу жолынан өтті. 1990 жылдардың күрделі кезеңдерінде де өз жұмысын жалғастырып, сеніммен жаңа ХХІ ғасырға аяқ басты.

Жаңа ғасыр өзінің жаңалығымен келді. 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Н.Ә.Назарбаевтың «Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен отанына оралып, білім алуына жол ашылды. Біздің факультетіміз 2001 жылдан бастап қазақ диаспорасы өкілдерін оқытуды бастады. Сол жылдан бері біздің факультетімізде оқыған 1000-нан астам қазақ диаспорасы өкілдері Қазақстандағы жоғары оқу орындарына түсті. Олардың алды жоғары оқу орындарын тамамдап бүгінде өз отанында қызмет істеп жатыр.

Соңғы жылдары 13-тен астам мемлекеттерден келіп оқып білім алуда. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық жағдайдың бірқалыпты, көпұлтты мемлекет екендігі, сонымен қоса университет тарапынан оқуға және осында тұруып оқуға қолайлы жағдай жасалғандықтан шетелдік тыңдаушылар да университетімізге көптеп келуде.

Шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы мен шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы үлкен тәрбие жұмыстарын өткізуде. Топ эдвайзерлері шетелдік қазақ диаспора өкілдері және шетелдік-тыңдаушылармен дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Кел, танысайық!», «Тілдер мерекесі», «Наурыз», сондай-ақ, Қазақстанның халық ақын-жазушыларымен болған кездесулер тыңдаушылардың үлкен қызығушылықтарын тудырады. Факультетте «Парасат» әдеби клубы мен «Көкжиек» үйірмесі жұмыс істеуде. Факультетте «Кел, танысайық!», «Наурыз» «Қазақ және орыс тілдері мерекесі» атты кештерді өткізу дәстүрге айналған. «Кел, танысайық!» атты кеште студенттер бір-бірін өздері келген елдерінің мәдениетімен және дәстүрлерімен таныстырады. Кеш барысында әлемнің барлық тілдерінде өлеңдер оқылып, әндер айтылады, ұлттық киімдер көрсетіліп, дәстүрлі көріністер қойылады. «Қазақ және орыс тілдері мерекесінде» дайындық факультетінің болашақ бітірушілері қазақ және орыс тілдерінде алған өз білімдерін көрсетеді. Студенттер олардың студенттік өмірінен алынған күлдіргі көріністерге ықыласпен қатысады, кең тараған қазақ және орыс әндерін айтады, қазақ және орыс поэзияларындағы классиктердің өлеңдерін оқиды, өз елдерінің ақындарының шығармаларын қазақ және орыс тілдеріне тәржімалап, өздерінің жеке аудармаларын ұсынады. Дайындық факультетінде қалыптасқан жағдай мен алған білімдерінің арқасында барлық мерекелер өзара түсіністік пен қуанышқа, достық пен бірлікке бөленіп өтеді. Жыл

сайын біздің факультет тыңдаушылары университеттің туған күніне және Наурыз мерекесіне арналған концерттерде өнерлерін паш етеді. 2009 жылы «Студенттік көктем» мерекесінде дайындық факультеттің студенттері бірнеше жүлделі орынды жеңіп алды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің оқытушылары көп жылдық еңбек нәтижесінде дәрісханадан тыс жұмыстың бай тәжірибесін жинақтады. Дәрісханадан тыс белсенді сабақтың түрі саяхат болып табылады. Саяхат жұмыстарының басты мақсаты – біздің елдің өткені мен қазіргі қалпын көрсету арқылы тарихымен, мәдениетімен тікелей таныстыру. Саяхат кезінде студенттер тілін үйреніп жүрген елдің мәдениетімен, тарихи ескерткіштерімен таныса отырып, сол тілде сөйлесу арқылы сөйлеу дағдыларын арттыра түседі. Оқудың аяқталуына қарай факультет ұжымы "Қош бол, ҚазҰУ!" атты қоштасу кешін ұйымдастырады. Бұл кеште тыңдаушылар Қазақстан туралы алған әсерлерін бір-бірімен бөліседі, ән айтады, өлең оқиды, оқытушыларға арнап алғыстары мен тілектерін білдіреді.

"Алматы – ғажайып қала, себебі, бұл қалада мейірімді жандар өте көп. Біздің оқытушыларымыз тек біздің ұстазымыз ғана емес, біздің достарымыз да. Қазақ тілі мен орыс тілі – біз үшін достық пен жаңа білімге жол ашатын алтын көпір. Біз осында өткізген төрт айымызды ешқашанда да ұмытпаймыз", – дейді студенттер шын жүректен.

Факультетте Шарын, Түрген сарқырамасы, Іле өзені, Қапшағайға жасалатын саяхаттар дәстүрге айналған. Мұндай саяхаттар тыңдаушыларды Қазақстанның бай табиғатымен таныстырып, біздің елімізді терең түсінуге мүмкіндік береді. Алматының өзінде көркем, ғажайып жерлер аз емес. Шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің тыңдаушылары жыл сайын Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік орталық өнер мұражайына, Ұлттық аспаптар мұражайына, ҚР Орталық мұражайына және археологиялық мұражайына, «Түскиіз» ұлттық сувенир фабрикасына барып, ұлттық тарихымыз бен өнерімізбен танысады.

Мұндай саяхаттар тыңдаушылардың Қазақстан халқының салт-дәстүрімен, тарихымен, мәдениетімен кеңінен танысуға мүмкіндік береді. Қала көліктерімен жасалынатын «Верный – Алма-Ата – Алматы» атты саяхат шетелдік тыңдаушыларды көптеген қызықты жаңа нәрселермен таныстырады. Ал шетелдік қазақ диаспора өкілдері мен шетелдік тыңдаушылардың Қазақстандағы өмірі тек ҚазҰУ-мен ғана шектелмейді. Олар үшін арнайы мәдени бағдарлама жасалған. Дәстүр бойынша Алматының әсем де әдемі жерлеріне қызықты саяхаттар да ұйымдастырылған. Олар: Үлкен Алматы өзені, белгілі Шарын шатқалы, Түргендегі сарқырама, Есік көлі т.б. Оқытушылар тыңдаушыларды Қазақстанның оңтүстік астанасымен де таныстырады. Осыған орай Алматы қаласының ішінде көптеген саяхаттар жоспарланған. Атап айтар болсақ, Көктөбеге, қалалық хайуанаттар бағына, мұражайларға, Ботаникалық баққа, Медеуге, Шымбұлаққа т.б. саяхаттар және жай ғана қаланы аралау үшін жасалған серуендер дәстүрлі түрде болып тұрады. Оқытушылар мен

факультет тарапынан ұйымдастырылған мұндай іс-шараларды тыңдаушылар жақсы қабылдайды, бұған үлкен қызығушылық танытады. Университет тарапынан студенттердің жақсы өмір сүруі үшін барлық жағдайлар жасалған. Оларға №6 және №10 жатақханалардың ыңғайлы бөлмелерінен орын беріледі. Университет қалашығында тамақтандыру комбинаты бар. Онда олардың талғамы ескеріледі. Сондай-ақ тыңдаушылар университет Спорт кешенінде спортпен шұғылдана алады. Сонымен бірге эдвайзерлер топтарымен ҚР Орталық мұражайына; Университеттің мұражайларына; Ә. Қастеев мұражайына, М. Әуезов драма театрындағы қойылымдарға, Көктөбе, Медеу, Шарын, Түркістанға жасаған саяхаттары қызықты өтті.

Кафедрада дәрістен тыс өткізілген тәрбиелік жұмыстарға «Қыздар – қызғалдақтар» атты 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі, «Қызықты физика» атты кеші, «Ұлттық мәдениет: бүгінгі жастар көзқарасында» атты дөңгелек стол, белгілі ақын-жазушылармен кездесулер, «75-Студенттік көктемі» атты факультетаралық байқауларды атап айтуға болады. Бұл сайыста да жүлделі орындарды иеленген тыңдаушыларымыз бар.

Тәрбие жұмыстары және ұлттық салт-дәстүр жөніндегі танымдық сабақтар шет тілін үйретудің қағидаларына сай негізделеді. Тәрбие жұмысының жаңа түрлерін іздеп тауып, пайдалану арқылы шетелдік студенттерді Қазақстанға бейімдеуге және олардың қарым-қатынасын қалыптастыруға болады. Іскери қарым-қатынасты дамыту орталығы – «Атакентке», Алматы қаласындағы мұражайларға, 9 мамырда 28 панфиловшылар саябағындағы мәңгілік алауға саяхат жасау дәстүрге айналған. Келешекте факультет өзінің өрісін кеңейтіп, тыңдаушылар контингентін бұдан да көбейте түсетініне сенімдіміз, себебі шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің тұрақты дамуына барлық жағдай жасалған. Ал, факультетте жыл сайын әртүрлі «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты Халықаралық ғылыми-практикалық студенттік конференция өткізіліп тұрады. Бұл конференцияларда студенттер тарих, география, тіл, елтану, әдебиет салалары бойынша баяндамалар жасайды.

2009 жылы факультеттің тарихында бірінші рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерекесіне арналған студенттік конференцияның материалдары оқытушылардың ұйымдастыруымен жинақ ретінде басылып шықты. Сонымен қатар дайындық факультетінің студенттері Қазақстан жоғары оқу орындарында оқитын шетелдік студенттердің Халықаралық конференциясына қатысып, ҚР жоғары оқу орындары ассоциациясының (2004, 2008) дипломдары мен мақтау қағаздарына ие болды.

Қорыта келгенде, факультетте білім алушылардың отанға деген патриоттық сезімінің қалыптасуына және өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.